

## Ақмола облысы жергілікті атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімиятының 2005 жылғы 17 ақпандағы N a-3/50 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 28 ақпанда N 3038 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 маусымдағы № A-7/242 қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010.06.30 № A-7/242 қаулысымен***

"Кіші заң актілерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N№77-р әкіміне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N№148 Занының 27-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру, құқықтық жұмысты сараптау мақсатында облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

#### 1. Аудандар мен қалалардың әкімдері:

1) барлық тіркеуден өткізілген нормативтік құқықтық актілерге қайта тексеріс жүргізсін және оларды күші жойылған деп танып, қажетті түзетулер енгізу арқылы қолданылып жүрген заңнаманың нормаларына сәйкес келтіру үшін пәрменді шаралар қолдансын, және де кәсіпкерлердің құқықтары мен занды мұдделеріне қатысты актілерге баса назар аударсын;

2) жүргізілген жұмыстардың нәтижесі туралы 2005 жылдың 1 сәуіріне дейін Ақмола облысының әділет департаментіне, мемлекеттік тіркеуден өткізу және "Заң" деректер базасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінің өнірлік тарауына енгізу арқылы мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін тиісті актілерді қоса отырып, мәлімет тапсырысина;

3) тіркеуден өткізілген мемлекеттік құқықтық актілердің қабылданатын жоғарғы актілерге сәйкестігін тұрақты бақылауды қамтамасыз етсін;

4) ай сайын облыс әкімінің аппаратына прокуратура органдарынан түсken наразылықтар, ескертулер, ұсыныстар саны туралы, оларда көрсетілген кемшіліктер мен қарau нәтижесін қысқаша мазмұндай отырып ақпарат, сонымен қатар бір тарабы әкімдік немесе әкім болып табылатын сот істерін қарau туралы ақпарат тапсырып отырын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

*Ақмола облысының әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК